



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Макросауалнама: инфляция мен базалық мөлшерлеме бойынша сарапшылардың болжамы көтерілді

Астана қ.

2025 жыл, 2 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсуі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ теңге бағамы – сауалнаманың негізгі параметрі болды.

Мұнай бағасы мен экономиканың өсуі

Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары барлық болжамды кезеңде төмендеді. 2025 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы 1 баррель үшін орта есеппен **69** АҚШ доллары деңгейінде, ал 2026 және 2027 жылдары тиісінше **64,7** және **65,6** АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтілуде.

Дегенмен, **Қазақстан экономикасының өсуіне** қатысты болжамдар жақсарып отыр: 2025 жылға ЖІӨ өсуіне қатысты болжам – 5,2%-дан **5,6%**-ға, 2026 жылға – 4,7%-дан **4,8%**-ға, 2027 жылға – 4,4%-дан **4,8%**-ға өсті.

Инфляция мен базалық мөлшерлеме

Сарапшылар **инфляцияға қатысты болжамдарын** өсу жағына қайта қарады. 2025 жылға жасалған болжамдардың медианасы 11,3%-дан **12%**-ға, 2026 жылға – 9,5%-дан **10%**-ға, 2027 жылға – 6,5%-дан **7%**-ға дейін көтерілді.

Инфляцияға қатысты болжамдардың өсуіне байланысты респонденттер бүкіл болжамдық кезеңде **базалық мөлшерлеме** жоғары болады деп күтеді. 2025 жылға болжамдардың медианасы 16,5%-дан **16,6%**-ға дейін, 2026 жылға – 14,3%-дан **14,8%**-ға дейін, 2027 жылға – 11,3%-дан **12%**-ға дейін сәл өсті.

Сауалнамаға қатысушылардың құрамы туралы

Сауалнамаға Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштерін талдап, болжаумен айналысатын **16 ұйым** қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға **Ұлттық Банк болжамдары кірмейтінін** атап өтеміз. Ол қазақстандық және әлемдік нарықтағы жағдайдың дамуына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың тәуелсіз пікіріне, бағалауына және күтуіне жасалған шолудан тұрады.

Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz